

Б. С. АБДУОВА

КЕЛЕР ШАҚТЫҢ ТЕМПОРАЛЬДЫҚ СИПАТЫ

Етістіктің шақ категориясы – қимылдың хабарлану кезеңіне қатысты мезгілін анықтайтын әртүрлі тұлғалардың жүйесі. Грамматикалық мезгіл сөйлеушінің хабарлау мезгіліне қарай белгіленеді. Қимылдың өту әрекеті бұрынғыдан кейінгіге бағытталады да оларды осы шақ бөліп тұрады, яғни сөйлеушінің оқиғаны хабарлап отырған мезгілі өткендегі оқиғаны келешекте болатын оқиғадан бөліп тұрады. Сөйлеп отырған адамның хабарлау мезгілі осы шақ деп есептелінсе, хабарлау мезгілінен кейін болатын әрекет келер шақ деп саналады. Бұлар грамматикалық шақ деп танылады, себебі олар объективті өмірдегі мезгіл, уақытпен бір емес. Грамматикалық шақ үштік парадигмадан тұрады: өткен шақ, осы шақ, келер шақ.

Келер шақ деп – сөйлеуші хабарлап отырған мезгілден кейін болатын амал, әрекетке сай келетін етістіктер аталады. Келер шақтың өзі мағыналық ерекшелігіне қарай: ауыспалы келер шақ, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ деп жіктеледі. Бұл жіктеліс қазіргі қазақ тілінде тұрақты қолданыс тапқан. Алғашқы зерттеулердегі топтастыруға назар аударсақ, алдымен К. Жұбановтың еңбегін ерекше атар едік. Ұлы ғалым **келер шақ** түрлерін беске бөледі: 1. Кесімді келер шақ: *бар-а-тын, жаз-ба-й-тын*. 2. Болжалды келер шақ: *бар-ар-мын, оқы-ма-с-пын*. 3. Мақсатты келер шақ: *-жаз-бақ-пын*. 4. Тілекті келер шақ: 1) *жазар едім*. 2) *жазайын* (тек 1 – жақ қана). Осы тұста тілші ғалым кейінгі қазақ тілі оқулықтарында қолданыс таппаған «5. сенімсіз төл шақ: *жазса игі еді*» деген жаңаша термин ұсынады. Алайда бұл көрсеткіштерді мағыналық жағынан үйлес келе тұрса да ғалым алдында көрсеткен «тілекті келер шаққа» қоспай, жеке шақ ретінде қарастырған. Оның себебі мезгіл мен модальдылықтың қатысын ажыратпаудан болған деп ойлаймыз. Бұған дәлел ретінде зерттеуші бұл бөліністегі мысалды «өткен шақ пен келер шаққа бірдей жүреді» деген ойын білдіреді. Бұл пікір де қазақ тіліндегі қазіргі жіктеліске орайлас келмейді.

К. Жұбановтың осы шақты «дағдылы осы шақ, дәл осы шақ» деп бөлуі де ойландырарлық. Ғалым «Дағдылы осы шақ: *жазады, оқиды, білмейді* (келер шақ екені мен осы шақ екені төңірегіндегі

басқа сөздерден білінеді): *Сыыр мөңірейді* – осы шақ. *Ертең сыыр мөңірейді* – келер шақ» [1, 352] деп ажыратады. Ұлы ғалымның келер шақты бірнеше түрге топтастыра жіктеуі сөйлемдегі етістіктердің стильдік реңкі мен мағыналық ерекшеліктерінің айтарлықтай өзгерістерінде болса керек. Дегенмен де қазіргі тіл біліміндегі темпоральды категория негізін құрайтын алғашқы пікір, тұжырым ретінде К. Жұбановтың зерттеулері аса құнды болып қала бермек. Белгілі ғалым Т. Қордабаевтың еңбектерінде де етістіктің шақтары, олардың мағыналық ерекшеліктері, іштей саралануы туралы құнды пікірлер бар. Т. Қордабаев «Келер шақ іс-әрекеттің алдағы уақытта болатындығын білдіреді. Келер шақтың етістіктің басқа шақтарында болатындай «таза» шақтық көрсеткіштері жоқ» дей келе, келер шақтық мағына етістіктің басқа категорияларының көрсеткіштері арқылы берілетінін, олар түрлі морфологиялық көрсеткіштер екенін айтады:

1. **-мақ, -мек** жұрнақты етістіктер + баяндауыш жалғаулары;

2. **-ар, -ер, -р, -с** жұрнақты есімшелер + баяндауыш жалғаулары;

3. **-а, -е, -е, -й** жұрнақты көсемшелер + баяндауыш жалғаулары.

Осылармен қатар келер шақтық мағына күрделі баяндауыш құрамындағы етістіктердің синтаксистік бірлікте тұрып келер шақты білдіретін топқа **-қалы, -келі, -ғалы, -гелі** жұрнақтары мен **-тын, -тін** жұрнақты есімше + *шығар, болар, сияқты* т.б. көмекші сөздер арқылы болатынын айтады.

Келер шақтық мағынаны морфологиялық жолмен-ақ білдіре алатын алдыңғы үш түрлі көрсеткіштің қайсысы болса да басқа етістіктерге көмекші болып, келер шақтың күрделі түрін жасай алады. Бірақ оны соңғы айтылған екеуімен шатастырмау керек. Оларды сол алдыңғы көрсеткіштің тек күрделі түрі деп қана түсінуіміз қажет. Келер шақтың бұл айтылған көрсеткіштерінің азды-көпті болса да әрқайсысының өзіндік мағыналық ерекшеліктері болады. Осы орайда ғалым Т. Қордабаев сөйлемдегі ойдың мезгілін нақтылай түсетін шарттардың бірі ретінде шақтық көрсеткіштердің құбылмалылығын дұрыс

байқайды: «Бірақ келер шақты, соған байланысты оның көрсеткіштерін жеке группаларға бөлгенде, ондай мағыналық ұсақ ерекшеліктерін есепке алып жатудың қажеттігі шамалы. Келер шақ көрсеткіштерін жіктеуде біз олардың іс-әрекеттің алдағы уақытта болу-болмауын қандайлық дәрежеде сенімді я күмәнді етіп беруіне сүйенеміз. Соны негізгі нысана етеміз. Осы жағынан алғанда, келер шақ көрсеткіштері кесек екі топқа бөлінеді. Оның бірінші тобы іс-әрекеттің алдағы уақытта болатындығын я болмайтындығын айқын, ашық, сенімді етіп береді де, екінші тобы, екіұшты, сенімсіз, күмәнді, болжалды етіп береді. Осыған қарап келер шақ және оның көрсеткіштері сенімді келер шақ, сенімсіз (болжалды) келер шақ (будущее уверенное или несомненное и будущее неуверенное или сомнительное) болып екі группаға бөлінеді [2, 110]. (Ғалымның стилі өзгертусіз алынды – А. Б.).

Т. Қордабаев сенімді келер шақты іс-әрекеттің не болғалы жатқанын немесе жалпы алдағы уақытта болатынын күмәнсіз, сенімді мағынада білдіреді деп есептейді. Оның көрсеткіштеріне 1. **-мақ, -мек** жұрнақты етістіктер + баяндауыш жалғауы; 2. ауыспалы шақтық көсемше + баяндауыш жалғауы; 3. келер шақтық көсемше + *отыр, жатыр, тұр, жүр* етістіктері жататынын айтады. Іс-әрекеттің болу мерзімі жағынан алғанда, бұл көрсеткіштердің алдыңғы екеуі алдағы уақытта болатын іс-әрекеттерді жалпы білдіргендері болмаса, оның болу шегін байқатпайтынын дұрыс түсіндіреді. Сенімді келер шақтың соңғы үшінші көрсеткіші алдыңғы екеуіндей емес, іс-әрекеттің болғалы жатқандығын, істеушінің қазір де сол іс-әрекетті болдыру дайындығы үстінде екенін білдіреді. Т. Қордабаев бұған төмендегідей мысал келтіреді:

1. *Оны қоя тұршы, сонда сен партизандарға қосылмақпысың?* (Ә. Әбішев). 2. *Ұлжан ауылы биыл да Бекенші жайлайтын көлдерді басып, Бақанас өзенін жайламақ* (М. Әуезов). 3. *Ауыспалы егісті, электрдің үлкен жоспарын биыл толық орындаймыз*. 4. *Сыреке, сізге мен бір ұсыныс жасағалы отырмын* (С. Мұқанов) [2, 112].

Т. Қордабаев сенімсіз келер шаққа іс-әрекеттің алдағы уақытта болатынын, болмайтынын кесімді, сенімді, нақтылы білдірмейтін етістіктерді жатқызады. Мысал ретінде *барармын, баратын шығар, тәрізді, сияқты* және *баруым мүмкін, келуі мүмкін* дейтін сөз тіркестерін көрсетеді. Ғалымның пікірлерін негізге ала отырып, 50-інші жыл-

дардағы зерттеулер үшін бұл тұжырымдардың аса құнды болғанын ескеруіміз керек. Тағы бір еңбекте келер шақ біршама жүйелі жіктеледі. Ғалым Ә.Төлеуовтің еңбегінде келер шақтың бөлінісі қазіргі қазақ тіліндегі оқулықтардан алшақ кетпеген. Автордың топтастыруы бойынша келер шақтың үш түрі бар. «Істің әлі болмағандығын, басталмағандығын, тек келешекте болатынын көрсететін етістіктер жасалу түріне, беретін мағынасына қарай үшке бөлінеді:

1. Болжалды келер шақ (**-ар, -ер, -р**);
2. Мақсатты келер шақ (**-ғалы, -гелі, -қалы, -келі, -мақ, -мек, -пақ, -пек, -бак, -бек, -шы, -ші**).
3. Ауыспалы келер шақ (**-а, -е, -й**)» [3, 68] деп дұрыс жүйелейді.

Болжалды келер шақ етістік түбіріне, не етістіктерге есімше жасайтын **-ар, (-ер, -р)** жұрнағы жалғанып, оның үстіне жіктік жалғауы қосылу арқылы жасалынады, ғалымның сөзімен берсек, «ол іске шек қойылмай жорамалдап айтылады: *Қошқар болар қозының маңдай жағы дөң келер, кісі болар жегіттің арқа, басы кең болар* (мақал)» [3, 68]. Ә. Төлеуов келер шақтағы істің істелетіні, істелмейтіні айқын айтылмайды деп түсіндіреді. «Мұндай етістік күдікті, сенімсіз болжалмен айтылады: *Егер сәті түссе, жұмысты осы аптада бітіремін. Сен ол қалаға арбамен барсаң, көзге түсіп, білініп қаларсың* (С. Мұқанов). Мұндай болжалды келер шақ жалпы іс-әрекетке байланысты мақал-мәтел сөздерде жиі кездеседі: *Ат айналып қазығын табар. Туған елдей ел болмас; -ар жұрнағы арқылы жасалатын болжалды келер шақтың формасы -а-ды, -е-ді түріне ауысады: Қоянды қамыс өлтіреді (өлтірер), ерді намыс өлтіреді (өлтірер). Құс ұшады (ұшар), от жанады (жанар)» [3, 69].*

Ғалымның пікірінше, «үнемсіз көсемше (**-а, -е, -й**) жіктелу арқылы істің басталуына шек қойыла айтылса, ауыспалы келер шақ болады. Мәселен, *Мен ауданға барамын, бұл қаулы бекімейді* (Ғ. Мұстафин). *Плотина Қызылордадан жиірме бес шақырым жерден орнайды* (С. Мұқанов). Жоғарыдағы *барамын, орнайды* сияқты шектей айтылатын сөздердің ыңғайына қарай бірде осы шақ, бірде келер шақ мағынасында жұмсалатындықтан, мұны *ауыспалы келер шақ* деп атайды. Мұның мағынасын кейде мезгіл үстеулер мен мезгіл мәнді сөздер үнемсіз көсемшеге тіркесуі арқылы да беріледі: *Ертең келеді. Қазір жүреді. Қыс шығады. Жаз келеді* т.б. [3, 69]. Ә. Төлеуовтің ауыспалы келер шаққа қатысты іс-әрекеттің

уақыт пен мезгілге қатысты шектеулі амал, шектеусіз амал болатындығын дұрыс саралауы — темпоральды категорияның мезгілдік өрісін танытудағы алғашқы ғылыми пікірлердің бірі болып табылады. Әсіресе Т. Қордабаевтың тұжырымдары 1953 жылғы еңбектің өзінде-ақ темпоральдылық құбылысы туралы ғылыми негізді қалыптастыруға өзек бола алады. Ғалым: «Тілде біріне-бірі байланыссыз, басқадан ерекше, жеке тұратын ешбір категория жоқ. Олар өзара байланыста, диалектикалық бірлікте болады. Шақтық көрсеткіштер туралы да осыны айтуға болады. Практикалық жұмыста (оқыту ісінде), әдетте, белгілі бір етістіктің қай шақты білдіретіндігі контекске қарамай, сол етістікте қай шақтың көрсеткіші барлығына қарай, оны сөйлемнен жеке алып, тек өз басындағы шақтық мәніне қараушылық жиі кездеседі. Біз бұл арада мағыналардың формалық ерекшеліктеріне мән бермеуден аулақпыз. Формасыз, өзіне лайықты тәсілсіз жаңа мағына да болмақ емес. Бірақ әрбір форманы, әрбір тәсілді әрқашан белгілі бір мағынаның көрсеткіші болады деп қарамау керек, контексте олардың динамикалық қасиетке ие болатындығын әрқашан ескеру керек дегенді айтып отырмыз. Кейде белгілі бір формада тұрған етістіктің қай шақта болған іс-әрекеттері білдіріп тұрғандығын ашуға тұтас бір сөйлемнің өзі жеткіліксіз болатындығы, оның мағынасы алдыңғы бірнеше сөйлемдер арқылы ғана дұрыс танылатындығы, не белгілі бір шақтың көрсеткіші болатын формаға ие боп тұрған сөздердің басқа бір сөздермен синтаксистік бірлікте тұрған жағдайда өзіне тән шақтық мәннен айырылып қалатыны немесе шақтық көрсеткіштердің ешқайсысының тобына қосылмайтын өзінде шақтық мән жоқ сөздердің (формалардың) контексте белгілі бір шақты білдіретіндері — тілімізде жиі кездесіп отыратын фактылар. Мысалы:

1. *Ұқсата білген адам бұл жерден мол өнім алады екен.*

2. *Экскаваторлар жерді жыртып жөнеледі. Осы кезде марш ойналып кетеді* (С. Мұқанов). дегендердегі іс-әрекеттерді осындағы үзінді бойынша алғанда, өткен уақытта болған іс-әрекеттер деп түсінуге де, алдағы уақытта болатын іс-әрекеттер деп түсінуге де болады. Екеуінің қайсысына жатқызылса да теріс дей алмаймыз. Өйткені бұл сөйлемдердегі іс-әрекеттердің шағы олардың алдында айтылған сөйлемдер арқылы

ғана анықталады» [2, 93]. (Ғалымның стилі өзгертусіз алынды — А. Б.) Т. Қордабаевтың етістіктің шақ категориясының мазмұндық ерекшеліктеріне қатысты бұл пікірі тілдегі функционалды-семантикалық өрістің темпоральдық (мезгілдік ая) мағынасын нақтылай түсетін құнды тұжырым болып саналады. Себебі етістіктің шақтық көрсеткіштері ішінде мағыналық жағынан ең тұрақтысының бірі деп саналатын жедел өткен шақ көрсеткіштерінің өзі де контекске қарай кейде әлі болмаған іс-әрекеттерді білдіре алады. Мысалы:

Сөзбенен өлтірдің ғой жүдеміп-ақ. (Біржан сал) Ақырын, жығылдың! Көзіңе қара, төктің! (сындырдың) Жарды ғой ана бұзауды! Өлдің ғой бейшара, байқасаңшы! т.б. Осындағы көрсетілген етістік сөздердің бәрі де өткен шақтың көрсеткіштері. Бірақ солай бола тұрса да, олардың білдіріп тұрған әрекеттерін өткен іс деп қарауға, әрине, болмайды. Мұнда алдыңғы уақытта болуы мүмкін істен алдын ала сақтандыру ғана бар. Мұндай жағдайларда, яғни етістік шақтарын сөз еткенде, ондағы формалардың қай шақтың көрсеткіші екендігіне ғана сүйенбей және оны өз ортасынан бөліп алып қарамай, контекске байланысты қараудың қажет екендігін, тек сонда ғана шақтық көрсеткіштердің мағынасын дұрыс түсінуге, дұрыс талдауға болатындығы айқындала түседі. Сөйлемнің темпоральды мағынасы да осындай ерекшеліктерді нақтылаудан барып анықталады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966.

2. *Қордабаев Т.* Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. Алматы, 1953.

3. *Төлеуов Ә.* Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық категориялары. Алматы: Мектеп, 1975.

Резюме

В казахском языке времена глагола делятся на 3 вида. Но определять их с помощью суффикса неправильно. В предложении времена глагола определяют по его значению и содержанию. Это статья посвящена семантике будущего времени и темпоральной категории.

Summary

In Kazakh language the times of a verb are divided into 3 kinds but defining them with suffix is wrong. In the sentence the times of a verb are defined with the help of meaning and contents. This article is devoted to semantics of the future time and a temporal category.